

Морфология және физиология кафедрасының ардагерлерімен кездесу

Халықаралық қариялар күніне арнап Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің морфология және физиология кафедрасы оқытушыларымен ұйымдастырылған кафедра ардагерлерімен кездесу іс-шарасы өткізілді.

Аталмыш мереке 1991 жылдың қазан айының 1 жұлдызында БҰҰ Генералдық Ассамблеясының шешімімен атап өтілуде.

Атаулы мерекеге біздің университет қабырғасында 30 жылдан астам еңбек еткен кафедра ардагерлері шақырылды. Олар 40 жылдай кафедрадағы анатомия, гистология және морфология пәндерінен сабақ берген, биология ғылымдарының кандидаты Тойбала Боранова және Коштай Каримов.

Кездесу барысында кафедрадағы жаңа құрал-жабдықтармен жабдықталған аудиторияларды аралап, ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің студенттерімен кездесті. 112 топ кураторы студенттермен концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

Кездесу соңында ардагерлер ізгі тілектерін білдіріп, студенттер сый құрметтірін тарту етті.



